

« 05 » 10 2021 ж.
№ 62 бұйрыққа
1-қосымша

«Физика» пәні педагогтеріне арналған қалалық олимпиаданы өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1 «Физика» пәні педагогтеріне арналған қалалық олимпиаданы (бұдан әрі - Олимпиада) өткізу туралы ереже Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды. Нұр-Сұлтан қаласының орта білім беру ұйымдары физика пәні педагогтерін ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз ету үшін жеңімпаздарды анықтайды.

1.2 Олимпиада Білім беруді жаңғырту орталығының 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді.

2.Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

2.1 Мақсаты: физика пәні педагогтерінің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылысын арттыру.

2.2 Міндеттері:

- физика пәні педагогтерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді анықтау, оларды қолдау және көтермелеу;

- физика пәні педагогтерінің оң қоғамдық имиджін, бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру;

- педагог мамандығының беделін арттыру.

3.Олимпиада қатысушылары

3.1 Олимпиадаға Нұр-Сұлтан қаласының білім беру ұйымдарының физика пәні педагогтері қатыса алады. Олимпиада оффлайн форматта өткізіледі және бір кезеңнен тұрады.

4.Олимпиаданы өткізу мерзімі

4.1 Олимпиада 2021 жылдың 03 қарашасында өткізіледі.

4.2 Өтінімдерді қабылдау 1-20 қазан аралығында ұйымдастырылады. Өтінім 1 қосымшаға сәйкес қабылданады.

4.3 Өтінімдер metodist_fizika@mai.ru электронды мекен-жайы бойынша

қабылданады. **Анықтамалар үшін телефон: 87713743637.**

4.4 Көрсетілген мерзімнен кеш түскен өтінімдер қаралмайды.

5.Олимпиаданы өткізу тәртібі

5.1 Олимпиада бір кезеңнен тұрады. Педагогтерге үш деңгейден тұратын бес тапсырма есеп түрінде ұсынылады.

5.2 Олимпиадаға 70 астрономиялық минут бөлінеді.

5.3 Олимпиада нәтижелері хаттамамен рәсімделеді.

5.4 Олимпиада барысында калькуляторды, ұялы телефонды пайдалануға тыйым салынады.

6. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібі

6.1 Барлық шешілген тапсырмаларының қорытындысы бойынша педагог 50 балл (*яғни әрбір дұрыс шешілген тапсырма үшін он балл*) ала алады.

6.2 Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Білім беруді жаңғырту орталығының бағалы сыйлықтарымен және I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталады.

7. Олимпиаданы ұйымдастыру орталығы және сараптау комиссиясы

7.1 Олимпиаданы дайындауды және өткізуді Білім беруді жаңғырту орталығы жүзеге асырады.

7.2 Білім беруді жаңғырту орталығы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- Олимпиадаға қатысушылардың түсу тәртібін үйлестіреді;
- Олимпиада тапсырмаларын сараптау критерийлерін әзірлейді;
- Олимпиада қатысушыларына тапсырмалар әзірлейді;
- Олимпиада нәтижелерін техникалық өңдеуді жүзеге асырады және олимпиадаға қатысушылардың құрамын анықтайды;
- Қорытынды шығарады және салтанатты марапаттау рәсімін ұйымдастыруға қатысады;
- Олимпиаданы өткізу тәртібін, орнын және күнін анықтайды.

7.3 Олимпиаданың нәтижелерін анықтау үшін сараптамалық комиссия құрылады. Сараптау комиссиясының құрамына Нұр-Сұлтан қаласы әдістемелік бірлестік жетекшісі, алдыңғы жылдардағы түрлі деңгейдегі кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары, Нұр-Сұлтан қаласының жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының ғалымдары, «Үздік педагог- 2021» байқауының гран-при иегері, педагог-шебер біліктілігі санаты бар педагогтер кіре алады.

7.4 Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрайымының дауысы шешуші болып табылады.

Өтінім

(мекеменінің толық атауы)

Т.А.Ә. (болған кезде)	Туған жылы	Қызметі	Мамандығы	Байланыс ақпараты(мекенжайы, телефоны, е-мейл)

Күні _____ (ҚОЛЫ)
20__ г.